

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№_6_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.03. 2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АҚ мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АҚ мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АҚ мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АҚ мүшесі, аға оқытушы Сержан О., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Халықов М., Жұмыс беруші өкілі, ішкі сарапшы М. Тастанбеков, Сыртқы сарапшы А. Тағай АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А., Рысбайқызы А.

Күн тәртібі:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы: «Күн тәртібінде жаңа 6B03187-Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу қажеттілігі туындады. Жұмыс берушілер өкілдерінен арнайы сарапшы тобы бекітілді. Ішкі сарапшылар ретінде: Түркістан облысы Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің директоры Халықов Медет Мұзапбарұлы және ҚР МСМ «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Тастанбеков Мұрат Мейрбекович тағайындалды. Ал сыртқы сарапшылар құрамы болып: Түркістан облысы Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директор орынбасары Тағай Айбек және Түркістан қаласы әкімдігі, «Ішкі саясат бөлімі» КММ теолог маманы Нуритдинов Баховатдин тағайындалды. Осы ретте сөз кезегін ішкі және сыртқы сарапшыларға берсек, сарапшылар білім беру бағдарламасына өз пікірлерін, ұсыныстарын ұсынса» - деп сөз кезегі сарапшыларға берілді.

Жұмыс беруші өкілі, ішкі сарапшы М. Халықов: «6B03187- Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы әлеуметтік ғылымдар саласындағы мамандарға қажетті жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін айқындалған оқыту нәтижелеріне бағыттала отырып әзірленген. Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сүру болып табылады. Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға қажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің қысқаша сипаттамалары олардың қазіргі таңдағы

заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды меңгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық меңгеруге бағытталғанын көрсетеді. Осы мақсатта 2023 жылы қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарламасына «Дінтанулық профилактика және оңалту әдістемесі», «Ғибадат және діни сенім психологиясы», «Дінтанулық сараптама, талдау және мониторинг негіздері», «Дәстүрлі емес діни қозғалыстар» секілді пәнді енгізу қажет» - деп сөзін аяқтады. Келесі сөзді М. Тастанбеков мырза алды.

Жұмыс беруші өкілі, ішкі сарапшы М. Тастанбеков: «Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу процесі. 6B031– Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы осы мақсатта әзірленген оқу-танымдық, жеке-тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби құзіреттерге негізделіп, олар іштей құрамдас құзіреттерге жіктелген. Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сүру болып табылады. Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B031 – Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша әзірленген Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама деп есептейміз» - өз пікірін тұжырымдады.

Келесі сөз кезегі сыртқы сарапшы Түркістан облысы Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директор орынбасары Тағай Айбек мырзаға беріледі.

Сыртқы сарапшы А. Тағай: «Жаңа 6B03187-Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы дінтану саласындағы мамандарға қажетті жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін айқындалған оқыту нәтижелеріне бағытала отырып әзірленген. Дублин дескрипторларын негізге алып, Ұлттық біліктілік шеңбері талаптарына сәйкестендіріліп анықталған білім беру бағдарламасының құзіреттіліктері мен оқыту нәтижелері жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, мамандығы бойынша білімі, іскерлігі, дағдысы қалыптасқан маман даярлауға мүмкіндік береді. Жалпы, 6B031– Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша әзірленген 6B03187-Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама деп есептеп, білім беру бағдарламаларының реестріне жіберуге дайын деп есептеймін» - деп өз сөзін қорытындылады.

АК төрағасы: «Күн тәртібіндегі жаңа 6B03187-Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну бойынша, осы аталған жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде ББ паспорты жасалады, әрине бірінші сіздер келісу парағына қол қоясыздар. Әрі қарай пәндердің тізімін, олардың сипаттамасын бірлесе отырып жасайтын боламыз» - деп ББ паспортының үлгісін жұмыс берушілерге ұсынды.

ШЕШІМ:

1. Жаңа ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілсін.
2. Жаңа ББ паспорты әзірленсін және ББ тізілімдемесіне ұсыныс берілсін.

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.